

2022 жылы 29 тамызындағы
№1 педагогикалық кеңесте
бекітілді.
«Асылнұрай» бөбекжай балабақшасы»
ЖШС-ның меңгерушісі
Е. Удербиева



**"Асылнұрай" бөбекжай балабақшасы ЖШС 2022-
2023 оқу жылының педагогикалық кеңестің**

№1 хаттамасы

2022-2023ж.

№1 педагогикалық кеңестің хаттамасы

29.08.2022 ж

Қатысқандар саны –14

Күн тәртібі:

Тақырыбы:Тіл мен сөзді қарапайым түсінуді қалыптастыру

Мақсаты: МДҰ ның жаңа оқу жылына арналған қызмет жоспарын қабылдау және бекіту.

1.Жаңа оқу жылындағы басым өзгерістермен таныстыру, педагогикалық кеңес хатшысын сайлау.

2.Мектепке дейінгі ұйымның жаңа оқу жылына дайындығы Жарақтандыру педагогтың жұмыс орнын дайындау(шолу тексеру)

3.2022-2023 оқу жылында тәрбиелеу мен білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хатпен таныстыру

4.МДҰның 2022-2023 оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспарын қабылдау және бекіту(талқылау, түзету).Оқу жоспарларын, сабақ кестелерін бекіту.

5.Аттестаттау өлшем шарттары.Аттестатталушы педагогтардың өтініштерін қарау.

6.Жас ерекшеліктері бойынша балалар тізімін бекіту.

7.Өз бетімен білім алу мәселелері (жоспарлау, жетістіктері, мәселелер болашағы)

1.Тыңдалды.балабақша меңгерушісі Г.Удербоева қызметкерлерді жаңа оқу жылының басталуымен құттықтап, педагогтарға творчестволық табыс тіледі және ұжымның назарын педкеңеске бағыттап №1 педагогикалық кеңестің күн тәртібінде қаралатын мәселелермен таныстырды. Сонымен бірге меңгеруші педагогикалық кеңестің құрамына құрамына білім беру ұйымының басшысы (төрайым), әдіскер, педагогтар, тәрбиешілер, психолог кіретіндігін айтты. Сонымен қатар, педагогикалық кеңестің өз құрамынан 1 жылдық мерзімге хатшы сайлауды ұсынды.

Сөйледі балабақша әдіскері Г.Удербоева өткен оқу жылында педагогикалық кеңестің хатшысы тәрбиеші Н.Қанжигитова кеңес хаттамасын сауатты жүргізіп, баяндамалар мен құжаттарды өз мезгілінде жинақтар отырғанын айтып,қайта сайлауды ұсынды.

Педагогтар толық қосылатындығын білдірді.

Сөйледі меңгеруші Г.Удербоева биылғы білім беру жүйесін реформалау бойынша мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың дамыту моделін бекітілгенін,оның мақсаты дені сау, бербес, білуге құмар, көпшіл, сын тұрғысынан ойлайтын балаларды қалыптастыру мен әлеуметтендіруге бағытталған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды жүйесін өзгерту арқылы мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамытудың бағыты мен қағидаттарын айқындау.

Модельді орындау үшін биылғы жылы стандарт, үлгілік оқу жоспары және мектепке дейінгі оқытудың бағдарламасы өзгертілді. Бұл балаларды ерте жастан

толыққанды дамуына, мақсатты ойындар арқылы кешенді және белсенді оқытуға бағытталады. Стандарт бойынша мектепке дейінгі ұйым түлегі физикалық дамыған, ізденімпаз, бастамашыл, табанды, бейімделуге қабілетті көпшіл, командада жұмыс істей білетін, эсoциoналды жауапты, өзі, отбасы, қоғам, мемлекет, әлем және табиғат туралы алғашқы түсінікке ие тұлға тәрбиелеу екенін түсіндірді.

Сонымен бірге балаларды оқыту тәсілдерін өзгерту тәрбие мен оқыту оқу бағдарламасының мазмұны арқылы процесті кіріктіру жолымен іске асырылатын, балаларды ойын арқылы оқыту басты мәселе екенін айтып өтті. Сонымен бірге биылғы жылға өзгерістерді нақтылап түсіндіріп өтті.

1. Бұрын сабақтар үстел басында өткізілсе енді балалар сабақта 15-20 минут отырмай, күні бойы әрекетті жоспарлап, бала балабақшаға келген сәттер бастап үйіне қайтқанға дейін тәрбиеленеді;

2. Білім беру салалары пән ретінде қабылданса енді білім салалары дағдыларды игеру болып өзгерді, яғни қауіпсіз қол жетімді заттық-кеңістіктік орта құру керек,

3. Оқыту нақты көрнекті тәжірибеден-абстрактылы түсініктерге қарай жүргізіледі;

4. Балаларды еске сақтауға емес, дағдыларды меңгеруге үйретеді

Балабақшадағы оқу қызмет атауы ұйымдастырылған іс-әрекет болып өзгертілгенін,

Сонымен бірге оқу жоспарларындағы өзгерістер жаратылыстану оқу қызмет міндеттері қоршаған орта оқу әс-әрекетінде жүзеге асырылатынын, қауіпсіз мінез құлық негіздері, валеология оқу қызметі алынып тасталғанын түсіндіріп өтті.

Сонымен бірге қазақ тілі оқу іс әрекеті ендірілгенін, ортаңғы топтан бастап түсіндіріп өтті. Стандарттағы өзгерістерді басшылыққа алып жұмыс істеуге шақырды.

2. Тыңдалды балабақша әдіскері Г. Удербаета «Мектепке дейінгі ұйымның жаңа оқу жылына дайындығы: Жарақтандыру педагогтың жұмыс орнын дайындау шолу тексеру қорытындысымен таныстырды. Шолу тексеру 5 .09.23 ж өткізілді. Мақсаты: 1. Тазалық және топты әсімдеу эстетикасы; 2. Жарық және жылу режимін сақтау; 3. Топтық бөлмелерді рәсімдеу; 4) Үнемі тұрақты бөлмеде өсетін өсімдіктер; 5) Дамыта оқыту орталығы; 6) Балабақша тәрбиешілерінің құжаттамасымен танысу. Әдіскер барлық топта тәрбиешілер топты эстетикалық талапқа сай дайындаған, бала жасына сай керекті құралдарды жасаған. Топтар

ойыншықтармен қамтамасыз етілген. Балалардың еркін ойнап тұруы үшін барлық жағдай жасалған. Тәрбиешілер құжаттары толық жазылған. Білім салалары бойынша керекті құралдар топтың жас ерекшелігі бойынша жинақталған.

Дегенмен анықталған кемшіліктер де жеткілікті екенін, дене шынықтыру құралдары ескірген, жаңалану керек, кітаптар ескірген, жыртылған. Ортаңғы топта математика оқу қызметке арналған үлестірме материалдары аз, рольдік ойын атрибуттары аз. Топтарда музыка оқу қызметіне арналған құралдар тіптен жоқ екенін, т.с.с кемшіліктердің анықталғанын айтты. Осы кемшіліктерді 10.10.2023ж дейін жоюды ескертті.

Тәрбиешілер толық келісім берді.

3.Тыңдалды балабақша әдіскері Г.Удербоева 2022-2023 оқу жылында тәрбиелеу мен білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хатпен таныстырды, тәрбиеленушілердің жеке тұлғасын дамыту мына бағыттар бойынша: -физикалық қасиеттерін дамыту, Коммуникативтік дағдыларын дамыту, Танымдық және зияткерлік дағдыларын дамыту, шығармашыл дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту, әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларды қалыптастыру арқылы іске асырылады.

Балабақшадағы іс -әрекеттер кіріктіру арқылы күні бойы іске асырылады:денешынықтыру(ерекшетәрбиеленушілер үшін бейімделген дене шынықтыру) сөйлеуді дамыту; көркемәдебиет;сауаташу негіздері; қазақтілі;сенсорика;математиканегіздері;құрастыру;қоршағанортаментаныстыру;суретсалу;мүсіндеу;жапсыру; музыка.

Балабақша ұйымының кестесіне қарай өткізілетін іс-әрекеттер де бар екенін айтып өтті. «Денешынықтыру»ұйымдастырылғаніс-әрекетіаптасына үш рет «Музыка»ұйымдастырылғаніс-әрекетіерте,кіші,ортаңғы топтарда аптасына бір рет, ересек топтарында екі рет музыка жетекшісімен, «Қазақ тілі(мектепке дейінгі ұйым кестесіне сәйкес аптасына ортаңғы және ересек топта бір рет, жүргізілетінін түсіндірді.Дегенмен балалардың физикалық , коммуникативтік және музыкалық дағдыларын күні бойы дамытуға уақыт бөлінетінін ескертті.

Сонымен бірге тәрбиеші 3 құжат толықтыратынын ескертті.

1)перспективалықжоспар; 2)циклограммаға; 3) балалардың мониторингі мен жеке даму картасын толықтыратынын ескертіп, перспективалық жоспар мен циклограмманы жобалаудың үлгісімен таныстырды.

Тәрбиешілер әдіскердің түсіндіргенін орындайтындықтарын білдірді.

4. Тыңдалды балабақша әдіскері Г.Удербоева педагогтарды 2022-2023 оқу жылының жылдық жоспарымен, күн тәртібі және топтарға арналған ұйымдастырылған оқу іс-әрекет кестесімен таныстырып өтті.

Жылдық жоспардың мақсаты

1.Денсаулық сақтау технологиясын пайдалану арқылы балалардың физикалық және психикалық денсаулығын қорғау және нығайту.

Сонымен бірге аттестаттау өлшемшерттары және талап ететін құжаттарды түсіндіріп өтті.

Білім беру қызметкерлерін аттестаттау кезінде біліктілікті арттыру курстарынан өткендігі туралы куәлік талап етіледі ҚР БҒМ 27.01.2016 ж. № 83 бұйрығымен бекітілген «Педагогтерді аттестаттаудан өткізу үшін құжаттарды қабылдау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына сәйкес педагог аттестаттау кезінде педагогтердің біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламаларын әзірлеу, келісу және бекіту Қағидаларына сәйкес білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісілген бағдарламалар бойынша біліктілікті арттыру курстарынан өткені туралы сертификат ұсынады (ҚР БҒМ 04.05.2020 ж. № 175 бұйрығы).

Мектепке дейінгі ұйымдардың педагогтары ҰБТ өту кезінде тест тапсырмаларының жауаптары қалай бағаланатынын түсіндіріп, педагогтарға дайындалу керектігін ескертті.

Аттестатталуға өтініш берген педагогтар толық келісті

6. Тыңдалды уақытша міндетін атқарушы балабақша меңгерушісі Г.Удербоева Жас ерекшеліктері бойынша балалар тізімін бекіту бойынша есебі. Балабақшада жас топтары 5 топ ұйымдастырылғанын, балалар жас қағидаттары бойынша топтарға жасақталғанын түсіндіріп өтті. Сонымен бірге меңгеруші Мектепке дейінгі ұйымдарда балаларды Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрі 348 бұйрығы (стандарт) 4 тарау **Тәрбие мен оқыту мерзіміне қойылатын талаптар және 25 тармағына сәйкес** Жас топтары балалардың күнтізбелік жылдағы толық жасын ескере отырып, оқу жылының басында жасақталады:

Кіші топ – 2 жастағы балалар; -50 бала

Ортаңғы 1 топтары – 3 жастағы балалар; -25 бала

ересек топ – 4 жастағы балалар; -50 бала

7. Өз бетімен білім алу мәселелері (жоспарлау, жетістіктері, мәселелер болашағы)

Мектепке дейінгі ұйым педагогтары өз білімін үнемі жетілдіріп отыру – қазіргі заманғы білім беру жүйесінің талабы, сондықтан оларды үнемі жетілдіріп отыру қажет. 2020 жылы карантин жағдайында ақпараттық технологиялар өте керек болды. Қазіргі кезде де ақпараттық технологиялар балабақша балаларды оқытуда көптеп қолданылуда. Дегенмен тәрбиешіге компьютерлік сауаттылықтан басқа жаңа технологияларды кеңінен білу керектігін ескертті. Сондықтан әр педагог өзін-өзі жетілдіру перспективалық жоспарын құрып, зерттелетін тақырып табу, вебинарларға қатысу, оқу жылының соңында есеп беру керектігін ұсынды.

Педагогтар толық келісім берді.

Қаулы:

1. Балаларды тәрбиелеу мен білім беру үдерісінде және 2022-2023 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқау хат басшылыққа алынсын.
2. Топтарды жарақтандыру шолу тексеру қорытындысы қанағаттанарлық. Анықталған кемшіліктер бойынша түзетулер жүргізілсін.
3. Балабақшаның 2022-2023 оқу жылына арналған жылдық жоспары және ұйымдастырылған оқу іс-әрекет кестесі, күн тәртібі бекітілсін.
4. Аттестатталушы педагогтар өтініштері қабылдансын, тізім бекітілсін.
5. Тәрбиеленушілер тізімі бекітілсін. Кейін қабылданған балалар жас кагидаттары бойынша топқа жіберілсін.
6. Тәрбиешілер өз білімін көтеру перспективалық жоспары жасалсын. Оқу жылының соңында есеп жасалсын.

Кеңес төрайымы:

Хатшысы:



Т. Удербоева

Н. Қанжигитова

**"Асылнұрай" бөбекжай балабақшасы ЖШС 2022-
2023 оқу жылының педагогикалық кеңестің
№2 хаттамасы**

26.10.2022 ж

Қатысқандар саны –10

Күн тәртібі:

Тақырыбы: «Иновациялық технологиялар арқылы тілдік қызметті дамыту нысандары мен әдістерін жетілдіру»

Теоретикалық бөлім

1.Топтарда грамматикалық тұрғыдан дұрыс және байланысты сөйлеудің жай күйі (тақырыпты тексеру)

2. Жұмыс тәжірибесінен сөз сөйлеулер

- ✓ Баланың әлеуметтік дамыған тұлғасы: иновациялық технологиялар арқылы коммуникативтік –тілдік қызметті қалыптастыру.
- ✓ Ойын арқылы 3-5 жасар балалардың фонематикалық есту қабілетін дамыту.
- ✓ Иновациялық технологиялар арқылы сабақтан тыс уақытта тілдің грамматикалық құрылымын қалыптастыру бойынша жұмыс.

3.Балалардың жетістіктеріне диагностика, мониторинг жүргізу.

4.Сабақтарды ұжымдық байқаулар

«Мысық, қораз және шымшық»

«Қолғап ертегісі» сахналау

Іс тәжірибелік бөлім

педагогикалық кеңес тақырыбы бойынша әдістемелік әзірлемелерді брошураларды презентациялар түрінде ұсыну.

Тыңдалды балабақша әдіскері Г.Удербаета мектепке дейінгі білім саласындағы өзгерістерге тоқталып өтті. Балабақшада оқу тәрбие жұмыстары ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі №394 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары бекітілгенін түсіндіре келе, балабақшадағы оқыту осы бұйрыққа сәйкес жүргізіліп жатқанын айтып өтті. Сонымен бірге «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасы 14.10.2022 жыл №422 бұйрығымен бекітілген айтып, үлгілік бағдарламаны түсіндіріп өтті. Сонымен бірге «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілгенін еске түсіріп, биылғы үлгілік бағдарлама, стандарт т.с.с құжаттардың бұйрық номерлері, мағыналарын толық әр тәрбиеші білуі

міндетті екенін және әр педагог- та болуы шарт екенін айтып, тапсырма берді. Педагогтар толық келісті.

1.Тыңдалды балабақша әдіскері Г.Удербоева Топтарда грамматикалық тұрғыдан дұрыс және байланысты сөйлеудің жай күйі тақырыпты тексеру қорытындысымен таныстырып өтті.

Топтарда қазақ тілі оқу қызметі үлгілік оқу жоспарына сай жүргізіліп жатқанын, ал сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет оқу қызметтері бағдарлама талаптарына сай күн сайын режимдік моменттерде жүргізілгенін, балалардың тілін дамытуды сөйлеуді дамыту бөлімдері балалардың сөздік қорын дамыту, грамматикалық құрылымын қалыптастыру, байланыстырып сөйлеуге үйрету жүйелі жобаланғанын айтып өтті. Сонымен бірге меңгеруші сабақтан тыс уақытта балалардың тілін дамыту жұмыстарының формалары сахналау мен тіл ұстарту жаттығуларының циклограммада жобаланғаны туралы айтып өтті.

Балалардың тексеру бойынша тілінің дамуы, құрдастары мен тәрбиешілермен қарым қатынас жасауы талапқа сай екеніне тоқталып, «Күншуақ» ересектер тобында «коммуникативтік дағдыларды дамыту бөлімдерінің бағдарлама бойынша жүргізілуі қанағаттанарлық деп есептеуге толық негіз бар екенін айтты.

Сондай –ақ әдіскер тексеру бойынша анықталған кемшіліктерге тоқталып ұсыныстар берді. Тәрбиешіле айтылған кемшіліктерді мойындап, мерзімінде орындауға келісім берді.

Сонымен бірге әдіскер Г.Удербоева «Ғарышкер» ортаңғы топта Қазақ тілі апталық жүктемеге сай аптасына 1 рет өткізіліп, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет оқу іс –әрекеттері күн сайын жобаланып өткізілгенін, балалар тілінің дамуы қанағаттанарлық екеніне тоқталып өтті. Топта анықталған кемшіліктерге тоқталды, сөйлеуді дамытуда тиімді есте сақтау,оны дұрыс жеткізе білудегі әдіс пен тәсілдер жүйесі кеңінен қолданылмағанын және . балаларға арналған кітап бұрышы мен балалар әдебиеті кітаптары жоқ екенін ескертті.

2.Тыңдалды жұмыс тәжірибесінен сөз сөйлеулер бойынша балабақша тәрбиешісі М.Алжанбаева Мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеуін «Сторисек» әдісін қолдана отырып дамыту тақырыбында өз тәжірибесімен бөлісті.Ол «Сторисек» әдісін қолдана отырып, балаларды әдеби шығармамен таныстырудың заманауи нұсқасымен таныстырды.Сторисек» –ағылшын тілінен аударғанда«оқиғалар қапшығы». Технология бір сабақты емес, ішінарашағынжобаретіндебірнеше сабақты қамтиды. Балаларды кітапқа қызығушылығын арттыра отырып, сөйлеуін дамыту жолдары және бірнеше дидактикалық ойындардың жүргізілуіне тоқталды.

Сөйледі балабақша меңгерушісі Г.Удербоева балабақшадағы кітап бұрышы әдістемелік нұсқау хатта да айтылғанын, балаларды кітаппен таныстыру және онымен жұмыс ұйымдастыру өзекті тақырып болып тұрғанын айтып кетті.

Тыңдалды «Ойын арқылы 3-5 жасар балалардың фонематикалық есту қабілетін дамыту» тақырыбында тәрбиеші З.Махетова өз тәжірибесімен бөлісті Фонематикалық есту балада сөйлеу әрекетінің бастапқы түрі ретінде ауызша сөйлеуді түсінуге үйрету процесінде қалыптасады. Дыбысқа зейін қоя білу – адамның өте маңызды қасиеті. Онсыз адам сөйлеуді тыңдауды және түсінуді үйрену мүмкін емес. Сондай-ақ құлақ фонемаларын (сөйлеуімізді құрайтын дыбыстарды) ажырату, талдау және саралау маңызды. Бұл дағды фонематикалық есту деп аталады. Кішкентай бала есту қабілетін басқаруды білмейді, дыбыстарды салыстыра алмайды. Бірақ оны үйретуге болады. Әсіресе сөйлеуінде ақауы бар балалардың фонематикалық есту қабілетін дамыту қажет. Кейде нәресте дыбыстарды дұрыс айтпағанын байқамайды. Бес жасқа дейін балалар сөзде белгілі бір дыбыстың бар немесе жоқтығын құлақ арқылы анықтай алады, олармен алдын ала жұмыс жүргізілмеген болса, олар берілген дыбыстарға сөздерді өз бетінше тандай алады. Фонематикалық естуді дамыту үшін ойнауға болатын арнайы ойындар өткізіледі.

Фонематикалық есту 3 сөйлеу операциясын қамтиды: 1) есту қабілеті сөзде берілген дыбыс бар ма жоқ па; 2) әр түрлі ретпен орналастырылған бірдей дыбыстарды қамтитын сөздерді ажырату мүмкіндігі; 3) жақын дыбысты, бірақ мағынасы әртүрлі сөздерді ажырата білу. Фонематикалық есту қабілетінің дамуы сөйлеу емес есту, табиғат дыбыстарын, тұрмыстық техниканы, музыкалық аспаптарды анықтау қабілетімен жұмыс жасаудан басталатынын айта келе өзі пайдаланған ойындармен таныстырды.

Тыңдалды тәрбиеші Н.Қанжигитова «Иновациялық технологиялар арқылы сабақтан тыс уақытта тілдің грамматикалық құрылымын қалыптастыру» бойынша жұмыс тәжірибесі. Тәрбиеші грамматикалық құрылымын қалыптастыру:

1. Сөздерді септік, көпше, жекеше түрлерін дұрыс үйлестіре білуге үйретуді жалғастыру
2. Сөздердің кейбір күрделі түрлерінің жасалуын үйрету. Мыс: ілік септігіндегі зат есімнің көпше түрі (ойыншықтардың, адамдардың, боталардың), етістіктің түрлері (жату, жүру, жүгіру)
3. жан - жануарларды, олардың төлдерін зат есімнің жекеше, көпше түрінде айту біліктілігін дамыту
4. Салалас құрмалас және сабақтас құрмалас сөйлемдерді қолдануға мүмкіндік туғызу және жай сөйлемнің құрылымын жетілдіру.
5. Сан есімдер

Осы мақсаттарды шешеуде пайдаланатын ойындарды таныстырып, өз тәжірибесімен бөлісті.

Сөйледі балабақша әдіскері Г.Удербаева жоғарыдағы аталған ойындар картотекасын тәрбиешілер арасында жарылауды және күн тәртібінің кез келген уақытында пайдалануды ұсынды. Тәрбиешілер келісім берді.

3.Тындалды балабақша әдіскері Г.Удербаева «Балалардың жетістіктеріне диагностика, мониторинг жүргізу» тақырыбында есеп берді. Бастапқы мониторинг қыркүйек айында өткізілді. Биылғы оқу жылындағы өзгерістер есепке алынып, құрастыру шығармашылық дағдылар бойынша, қоршаған ортамен таныстыру мен жаратылыстану біріктірілді. Бастапқы мониторинг 125 баламен жүргізілді.

№	Топтар	Бала саны	I деңгей	II-деңгей	III- деңгей
1	«Күншуақ» ересек топ	25	6 (24%)	13(52%)	6(24%)
2	«Ғарышкер» ортаңғы топ	25	4 (16%)	15(60%)	6(24%)
3	«Қарлығаш » ортаңғы топ	25	4 (16%)	17(68%)	4 (16%)
4	«Бәйтерек» кіші топ	25	6 (30%)	12(60)	2(16%)
5	“Балапан” ерте жастоп	25			
	Барлығы		25 (24%)	66(60%)	19(16%)

Шешімі:

- 1.Топтарда граматикалық тұрғыдан дұрыс және байланысты сөйлеудің жай күйі тақырыпты тексеру қорытындысы қанағаттанарлық. Анықталған кемшіліктер түзетілісін. Мерзімі: 25 желтоқсанға дейін.
- 2.Балалардың тілін дамыту бойынша жоғарыдағы аталған ойындар мен инновациялық әдістер жұмыстарды жобалауда назарға алынсын.
- 3.Балалардың мониторинг бойынша деңгейі жоғарылатылсын. Мерзімі қаңтар айына дейін.

Кеңес төрайымы:

Хатшысы:



Г.Удербаева

Н.Қанжигитова



**"Асылнұрай" бөбекжай балабақшасы ЖШС 2022-
2023 оқу жылының педагогикалық кеңестің
№3 хаттамасы**

14.01.2023 ж

Қатысқандар саны –12

Күн тәртібі:

- 1 Бос уақыттағы ойының ұйымдастырылуын бақылау тақырыпты тексеру қорытындысы
- 2 Баланың шығармашылық қабілетін дамытуда дәстүрден тыс сурет салу тәсілін қолдану
- 3 Сурет салуға үйретудегі қолданылатын техникалық әдістерін талдау

1.Тыңдалды.балабақша меңгерушісі Г.Удербоева бүгінгі таңда қоғам алдында балалардың бос уақытын дұрыс ұйымдастыру мәселесі тұр Бос уақытты тиімді өткеру бала тұлғасының қалыптасуына үлкен ықпалын тигізеді Баланың бос уақытын қызықты, пайдалы әрі мазмұнды өткізу міндеті педагогтар мен ата аналарды да толғандырады .Осы мәселені шешу бағытында балаларға қосымша білім беру мемлекеттік ұйымдары да өз міндеттерін атқаруда Бұл жастағы балалармен қарым қатынас жасауда ересектердің басты міндеті әр баланың даралығы мен қызығушылығын ескеріп олардың өз мүмкіндігін ашуына толық жағдай туғызу Бос уақыт-қоғамдық және тұрмыстық еңбектен тыс,адам еңбек әрекеті кезінде жетілдіруіне мүмкіншілігі жетпейтін, өзінің еңбек икемділігі мен басқа да қабілеттерін жетілдіре алатын уақыт Балабақшада балалардың бос уақытында тиімді ойындар ұйымдастырып жүзеге асыу керек

2 .Меңгеруші Г Удербоева Балалардың шығармашылық қабілеті жайында толыққанды зерттеулер жасау кең көлемде қолға алынуы тәуелсіздік кезеңінде мүмкін болды Соңғы кездері жарық көріп ,ұстаздармен ата-аналардың назарына ұсынылған отандық ғылыми әдебиетке пайымдау мен зерделеу жасайтын болсақ ,онда шығармашылықтың табиғатының алуан түрлі екендігін аңғарамыз

Қазіргі таңда мектепке дейінгі білім беруде ерте жастағы балалардың сурет салу арқылы психологиялық процестердің дамуында маңызды рөл атқаратыны белгілі Сурет салудың әртүрлі әдістерін ,оның ішінде дәстүрлі емес тәсілдерді қолдана отырып ,тәрбиеші бейнелеу өнеріне деген сүйіспеншілікті оятады,сурет салуға деген қызығушылықты оятады Балабақшада дәстүрлі емес сурет салудың әртүрлі әдістері мен тәсілдерін қолдануға болады Дәстүрлі емес сурет салудың көптеген әдістері бар,олардың ерекшелігі-балаларға қажетті нәтижеге тез жетуге мүмкіндік береді

- 4 Бейнелеудегі мектепке дейінгі балалардың шығармашылық ойы мен

қиялын дамытудағы, шығармашылық белсенділігін арттырудағы дәстүрлі емес тәсілдердің маңызын ашу Балабақшадағы үйірмелер жұмысының өзектілігін көрсету Көптеген балалар балалық шағында сурет салғанды қатты ұнатады, ғажайып әлемдер мен батырларды ойлап табады Сурет салу-танымның бір әдісі Бір нәрсені жасаға кезде-танымды дамытушы бар, сондай-ақ шығармашылық ғажайып бар Әрине балалар ересектер секілді ойламайды оларға бұл тек қызықты процесс Баланың қолына заттарды ұстау қабілеті пайда болғанда, оған сурет салуды ұсынуға болады Маңыздысы баланың суретін бағалау емес, оның мазмұнын талқылау Өзгелердің жұмысын көрсеткенде әр кімнің сезімталдығы әр түрлі екендігін түсіну қажет және осыны ескерген жөн

Қаулы:

1. Балалардың бос уақыттарында тиімді ойындар ұйымдастыруды тәрбиешілерге жүктемін.
2. Баланың шығармашылық қабілетін арттыру мақсатында балалармен түрлі сурет салу әдісімен үйірмелер жасақтау тәрбиеші мен ән жетекшіге жүктелсін

Кеңес төрайымы:

Хатшысы:



У. дербаева

Қанжигитова



«Асылнұрай» бөбекжай-балабақшасы» ЖШС-ның директоры
У.У. дербаева

**"Асылнұрай" бөбекжай балабақшасы ЖШС 2022-
2023 оқу жылының педагогикалық кеңестің
№4 хаттамасы**

2022-2023ж.

Күн тәртібі:

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы туралы
2. «Балаларды көркем әдебиетпен таныстыру»баяндама
3. «Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі»
- 4 «Серуенді ұйымдастыру және басқару салыстырмалы тексерудің қорытындысы
- 5 Ұйымдастырылған ашық оқу іс-әрекеттерін талдау
- 6 Өткен ашық сабақтарды талқылау

Тыңдалды меңгеруші Г Удербаева өткен кеңестің шешімінің орындалғандығын атап айтып кетті .

2.Тыңдалды меңгеруші Балаларды көркем әдебиетпен таныстыру әдістемесі сәбилердің дүниетанымын кеңейтіп, ойын өрістетіп ,тіл байлығын жетілдіру ісінде көркем әдебиеттің алатын орны ерекше. Көркем сөз өрнегін балаға тыңдатып санасына сәуле түсіру,халық қазынасының музыкалық үнінен нәр алдыру оның ең сәби шағынан ,ана әлдіінен басталады Мектеп жасына дейінгі сәбилердің дүние танымын кеңейтіп ,ойын өрістетіп,тіл байлығын жетілдіру ісінде көркем әдебиеттің алатын орны ерекше Балаға әңгімелеп айтуға ,оқып тыңдатуға ,жаттап айтуға таңдалған материалдар олардың даму деңгейіне ,жас шамасына лайықты болуы тиіс Жас ұрпақты тәрбиелеуде ауыз әдебиетіндегі өлең-жыр ,тақпақ ,жаңылтпаш,ертегі ,мақал-мәтел,жұмбақтар,шешендік сөздер,тиым сөздер,санамақтар әр тәрбиешінің жұмысында негізгі орын алуы тиіс Осы салаларды балалардың жас ерекшеліктеріне қарай және оларды жалықтырып алмайтындай етіп,бойларына сіңіру әрі олардың тілдерін дамыту үлкен жауапкершілікті талап етеді Халықтық шығармалар ішінде баланы дұрыс ,анық сөйлеуге үйрететін,тілін жаттықтыруға бейідейтін жанр жаңылтпаштар арқылы сөздерді дұрыс сөйлеуге жеке дыбыстарлы алмастырмай дұрыс айтуға үйретеді,ал жұмбақтар баланы байқағыштыққа,тапқырлыққа баулып,ой-қиялын ұштауға әсер етеді

2 меңгеруші Г Удербаева Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделін іске асыру шеңберінде мектепке дейінгі білім берудің бірінші деңгейі отбасын қолдаудың маңызды институты ретінде ұлттық құндылықтарды балалардың ерте дамуының қазіргі заманғы теориялармен үйлестіруге бағытталған

Модель –мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды және жетілдіру бағыттарын айқындайтын тәсілдер мен қағидаттар жиынтығы Модельді іске асыру мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту саласында ғылыми зерттеулер жүргізгеннен ,білім беру қызметтерінің сапасын,даму жағдайларын жақсарту және арттыру бойынша ұсынымдар әзірленгеннен кейін нормативтік құқықтық актілер өзгерістер енгізу көздейді

3 меңгеруші Г Удербаева Мектепке дейінгі кезеңде бала қоршаған ортаны танып біледі Баланың табиғатты танып білуге деген қызығушылығын оята отырып,педагог оны табиғатпен таныстырып,қана қоймай,оны түсінуге,өсімдіктер мен жануарларды қамқорлауға, табиғаттың сұлулығын сезіне білуге үйретеді Баланың танымдық дамуын ойын барысында ,табиғи нысандар мен құбылыстарға бақылау жасау,зерттеу кезінде,табиғат пен Ауа-райы жағдайына бақылау нәтежелерін айта білу, еңбек және басқа да әрекеттер барысында жүзеге асады
Мектепке дейінгі мекемеде бала әрекетін ұйымдастырудағы режимдік сәттердің негізгі бөлігінің бірі Серуеннің мақсаты –бала денсаулығын нығайту, шаршаудың алдын –алу ,денесін шынықтыру ,түрлі әрекеттер нәтижесінде организм болған функционалдық өзгерістерді реттеп,қалыпқа келтіру

4 меңгеруші Г Удербаева ұйымдастырылған іс-әрекеттерді талқылап ,тәрбиешілермен оқу іс ірекеттерді талдау жасады
Алдағы мерекелік іс-шаралардың жоспары талқыланды
Өткен ашық сабақтарға тоқталды

Шешімі:

- 1.Балаларды көркем әдебиетпен таныстыру педагогтарға жүктелсін
- 2.Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделін меңгерту тәрбиешілер
- 3.Балаларға серуен ұйымдастыру тәрбиешілер

Кеңес төрайымы:

Хатшысы:



Г.Удербаева

Н.Қанжигитова



**"Асылнұрай" бөбекжай балабақшасы ЖШС 2022-
2023 оқу жылының педагогикалық кеңестің
№5 хаттамасы**

2022-2023ж.

22.05.2023 ж

Қатысқандар саны –12

Күн тәртібі:

- 1 Өткен педкеңестің шешімінің орындалуы
- 2 «Дамыту оқыту технологиясын қолдану жолдары»баяндама
- 3 Тәрбиешілердің 2022-2023 оқу жылындағы шығармашылық тақырыптарына есеп беру
- 4 Санитарлық талаптардың орындалуы

1.Тыңдалды.балабақша меңгерушісі Г.Удербоева өткен педкеңестің шешімдерінің орындалуын қадағалады

2 .Меңгеруші Г Удербоева Дамыту оқыту технологиясы-баланың алған білімін өзіндік ойлаумен ұштастыратын бірден-бір әдіс Бұл технологияларды қолдану көркем шығармалардың мәтіні арқылы сөздің мағыналық-қисындық құрылымына назар аударуды қажет етеді Әдеби мәтіндердің көркемдік – тілдік ерекшеліктерін ажыратуға негіз болады Дамыту оқыту технологиясы- оқушының оқу ,білім алу процесінде жан-жақты дамуын оқытудың басты мақсаты ретінде қабылдайды

«Дамыту оқыту» деген термин психология ғылымының қойнауында туып,баланың дамуын қарастырған, дамыта оқыту деп –оқыту мақсаты,міндеттері әдіс-тәсілдері баланың даму заңдылықтарына сәйкестендіріген оқытуды атайды Оқыту арқылы баланың психикасында жаңа құрылымдар пайда болуы,яғни жаңа сапалық өзгерістер болуы тиіс деп есептейді Жүйенің басты мақсаттарының бірі-баланы оқыта отырып жалпы дамыту,оның еркіндігін қышптастыру Дамыта оқыту жүйесінде балалардың ойлақрын жетілдірудің маңызы зор

3 меңгеруші Г Удербоева тәрбиешілердің 2022-2023 оқу жылындағы шығармашылық тақырыптарының есебін сұрады Әр топ тәрбиешісі берілген шығармашылық тақырыптарына есеп берді

4Мектепке дейінгі ұйымдарында қойылатын санитарлық талаптарға сәйкес медбике Г Молдабекова түсіндірме жұмыстарын жүргізілгендігін ,қызметкерлердің толық таныстырылғандығын баяндады Бірінші кезекте тазалықтың болуы,балалардың жатын ойын бөлмелерінде жарықтың дұрыс болуы,желдеткіштің болуы,асхана ,әжетхананың тазалықтарының сақталуын атап айтып кетті

Қаулы:

- 1.Өткен кеңестің шешімінің орындалуы
- 2.Дамыту оқыту технологиясын қолдану жолдарын түсіндіру әдіскер
- 3Тәрбиешілердің 2022-2023 оқу жылдарындағы шығармашылық тақырыптарына есеп берілді
- 4 Балабақшада санитарлық талаптар сақталған мейірбике Г Молдабекова

Кеңес төрайымы:

Г.Удербаета

Хатшысы

Н.Қанжигитова

